**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

*2020 жылдың 31 наурызында аяқталған үш ай үшін*

# МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолу нәтижелері жөніндегі есеп

**Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)**

Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп ........ 1-2
Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп ........ 3-4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп ........ 5-7
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп ........ 8-9
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер
(аудит жүргізілмеген) ........ 10-38

EY
Building a better working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

# Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның Акционерлері мен Басшылығына:

## *Кіріспе*

Біз «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есептен, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған үш ай үшін жиынтық кіріс туралы, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті аралық шоғырландырылған есептерден, сондай-ақ таңдаулы түсіндірме ескертпелерден («аралық қаржылық ақпарат») тұрады. Басшылық *«Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS)* Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

## *Шолып тексерудің көлемі*

Біз шолып тексеруді 2410 *«Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру»* шолып тексерулердің Халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

EY
Building a better working world

***Тұжырым***

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының қоса беріліп отырған аралық қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде *«Аралық қаржылық есептілік»* 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

**„Эрнст энд Янг" ЖШС**

Гульмира Турмагамбетова
Аудитор / «Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Аудитордың 1998 жылғы 21 ақпандағы № 0000374 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2020 жылғы 27 мамыр

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін<br>2020 жылғы (аудит жүргізілмеген) | 2019 жылғы* (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген) |
|---|---|---|---|
| **Түсім және басқа да кірістер** | | | |
| Түсім | 4 | **1.376.114** | 1.765.271 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто | 5 | **65.316** | 219.022 |
| Қаржылық кіріс | 12 | **37.015** | 29.606 |
| Еншілес ұйымдардың шығуынан болған кіріс | | **–** | 17.481 |
| Басқа да операциялық кіріс | | **8.610** | 4.032 |
| **Түсім және басқа да кірістер жиыны** | | **1.487.055** | 2.035.412 |
| **Шығыстар мен шығындар** | | | |
| Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны | 6 | **(741.384)** | (1.066.813) |
| Өндірістік шығыстар | 7 | **(174.396)** | (162.899) |
| Табыс салығынан басқа салықтар | 8 | **(94.293)** | (118.677) |
| Тозу, тауысылу және амортизация | | **(91.758)** | (83.369) |
| Тасымалдау және сату бойынша шығыстар | 9 | **(118.649)** | (115.555) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 10 | **(37.697)** | (32.097) |
| Негізгі құралдар мен барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы | 11 | **(61.139)** | (368) |
| Бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануы | 16 | **(38.000)** | – |
| Қаржылық шығындар | 12 | **(67.074)** | (85.393) |
| Басқа да шығыстар | | **(7.315)** | (4.734) |
| Оң бағамдық айырма, нетто | | **32.737** | 3.368 |
| **Шығыстар мен шығындар жиыны** | | **(1.398.968)** | (1.666.537) |
| **Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда** | | **88.087** | 368.875 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 13 | **(18.573)** | (59.681) |
| **Жалғасып отырған қызметтен болған кезеңдегі пайда** | | **69.514** | 309.194 |
| **Тоқтатылған қызмет** | | | |
| Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейін түсетін пайда | | **–** | 6 |
| **Кезеңдегі таза пайда** | | **69.514** | 309.200 |
| **Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда/(зиян):** | | | |
| Бас компанияның акционерлеріне | | **86.267** | 309.165 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесіне | | **(16.753)** | 35 |
| | | **69.514** | 309.200 |

*Есеп саясаты және 10-38 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін<br>**2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | <br>2019 жылғы* (қайта есептелген) (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|---|
| **Басқа да жиынтық кіріс** | | | |
| *Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс/(зиян)* | | | |
| Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма | | **703.636** | (40.579) |
| Салық әсері | | **(62.026)** | – |
| **Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелетін таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)** | | **641.610** | (40.579) |
| *Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс* | | | |
| Бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар жоспарлары бойынша актуарлық кірістерді қайта бағалау | | **–** | 206 |
| Салық әсері | | **–** | – |
| **Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелмейтін таза басқа да жиынтық кіріс** | | **–** | 206 |
| **Кезеңдегі таза басқа да жиынтық кіріс/(залал)** | | **641.610** | (40.373) |
| **Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны** | | **711.124** | 268.827 |
| **Мыналарға келетін кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны:** | | | |
| Бас компанияның акционерлеріне | | **727.897** | 269.147 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесіне | | **(16.773)** | (320) |
| | | **711.124** | 268.827 |

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 3-ескертпеде келтірілген.*

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры ______ *Д.С. Қарабаев*

Бас бухгалтер ______ *Е.Е. Орынбаев*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **31 наурызда 2020 жыл (аудит жүргізілмеген)** | 31 желтоқсан 2019 жылғы (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 14 | **4.717.485** | 4.484.271 |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер | | **42.981** | 38.379 |
| Барлау және бағалау бойынша активтер | | **165.790** | 179.897 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | | **9.497** | 9.541 |
| Материалдық емес активтер | | **179.330** | 171.172 |
| Ұзақ мерзімді банк салымдары | 15 | **58.367** | 52.526 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 16 | **6.469.116** | 5.590.384 |
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер | | **96.314** | 73.714 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | | **152.020** | 133.557 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар | | **48.239** | 73.367 |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек | | **685.624** | 615.546 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер | | **14.861** | 17.162 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері | | **2.506** | 2.488 |
| | | **12.642.130** | 11.442.004 |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | | **252.819** | 281.215 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | | **58.748** | 74.049 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **68.792** | 54.517 |
| Сауда дебиторлық берешек | | **424.832** | 397.757 |
| Қысқа мерзімді банк салымдары | 15 | **375.527** | 359.504 |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек | | **130.544** | 138.719 |
| Басқа да ағымдағы қаржылық емес активтер | 17 | **119.806** | 198.539 |
| Басқа да ағымдағы қаржы активтері | 17 | **66.058** | 63.555 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 18 | **1.229.628** | 1.064.452 |
| | | **2.726.754** | 2.632.307 |
| Сатуға арналған деп жіктелген активтер | | **7.648** | 7.604 |
| | | **2.734.402** | 2.639.911 |
| **Активтер жиыны** | | **15.376.532** | 14.081.915 |

*Есеп саясаты және 10-38 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **31 наурызда 2020 жыл (аудит жүргізілмеген)** | 31 желтоқсан 2019 жылғы (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | | **916.541** | 916.541 |
| Қосымша төленген капитал | | **20.194** | 40.794 |
| Басқа да капитал | | **83** | 83 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | | **2.373.377** | 1.731.747 |
| Бөлінбеген пайда | | **5.564.686** | 5.469.236 |
| **Бас компанияның акционерлеріне жататын** | | **8.874.881** | 8.158.401 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесі | | **21.479** | 38.255 |
| **Капиталдың жиыны** | | **8.896.360** | 8.196.656 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 19 | **4.093.988** | 3.584.076 |
| Резервтер | | **299.239** | 273.589 |
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер | | **589.989** | 509.462 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | | **39.447** | 35.996 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер | | **27.023** | 26.157 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер | | **19.783** | 17.537 |
| | | **5.069.469** | 4.446.817 |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 19 | **338.571** | 253.428 |
| Резервтер | | **111.214** | 103.538 |
| Төленуге жататын табыс салығы | | **14.172** | 13.011 |
| Сауда кредиторлық берешек | | **644.536** | 667.861 |
| Төленуге жататын басқа салықтар | | **76.556** | 86.666 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | | **12.558** | 10.922 |
| Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер | 20 | **93.232** | 93.139 |
| Басқа да ағымдағы қаржылық емес міндеттемелер | 20 | **119.864** | 209.877 |
| | | **1.410.703** | 1.438.442 |
| **Міндеттемелердің жиыны** | | **6.480.172** | 5.885.259 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **15.376.532** | 14.081.915 |
| **Бір акцияның баланстық құны** | | **14.287** | 13.154 |

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры

*Д.С. Карабаев*

Бас бухгалтер

*Е.Е. Орынбаев*

*Есеп саясаты және 10-38 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| | | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін | |
|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **2020 жыл (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жыл* (аудит жүргізілген) (қайта есептелген) |
| **Операциялық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Жалғасып отырған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда | | **88.087** | 368.875 |
| Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда | | **–** | 6 |
| **Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда** | | **88.087** | 368.881 |
| **Түзетулер** | | | |
| Тозу, тауысылу және амортизация | | **91.758** | 83.369 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің және барлау мен бағалау бойынша активтердің құнсыздануы | 11 | **61.139** | 368 |
| Бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестицияның құнсыздануы | 16 | **38.000** | – |
| Өтпейтін қорларға резервті есептеу / (қалпына келтіру) | | **5.371** | (2.667) |
| Бағамдық айырма, нетто | | **(1.249)** | (5.311) |
| Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және инвестициялық жылжымайтын мүліктің есептен шығарылуынан болған зиян, нетто | | **1.566** | 266 |
| Мұнай өнімдері бойынша туынды қаржы құралдарынан іске асырылған кірістер | | **(11.690)** | (11.250) |
| Мұнайды жеткізу үшін алынған аванстардың төлемін түзету | | **–** | (164.112) |
| Қаржылық шығындар | 12 | **67.074** | 85.393 |
| Қаржылық кіріс | 12 | **(37.015)** | (29.606) |
| Еншілес ұйымдардың шығуынан болған кіріс | | **–** | (17.481) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто | | **(65.316)** | (219.022) |
| Резервтердегі өзгеріс | | **17.102** | (10.277) |
| Басқа да түзетулер | | **3.818** | 3.066 |
| **Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда** | | **258.645** | 81.617 |

*Есеп саясаты және 10-38 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| | | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін | |
|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **2020 жыл (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жыл* (аудит жүргізілген) (қайта есептелген) |
| Өтеуге ҚҚС-тағы өзгеріс | | **(1.848)** | (7.902) |
| Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс | | **59.174** | 69.021 |
| Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да ағымдағы активтердегі өзгеріс | | **90.560** | (180.961) |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және келісімшарттық міндеттемелердегі өзгеріс | | **(218.084)** | (8.327) |
| Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгеріс | | **(20.204)** | 5.323 |
| **Операциялық қызметтен түскен/(пайдаланылған) ақша ағындары** | | **168.243** | (41.229) |
| | | | |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер | 16 | **7.510** | 1.696 |
| Төленген табыс салығы | | **(29.409)** | (50.058) |
| Алынған сыйақы | | **26.427** | 29.697 |
| Төленген сыйақы | | **(32.884)** | (38.909) |
| **Операциялық қызметтен түскен/(пайдаланылған) таза ақша ағындары** | | **139.887** | (98.803) |
| | | | |
| **Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары** | | | |
| Банк салымдарын алу/(орналастыру), нетто | | **38.579** | (428.457) |
| Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау әрі бағалау активтерін сатып алу | | **(126.789)** | (123.850) |
| Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау әрі бағалау активтерін сатудан түскен түсімдер | | **6.027** | 317 |
| Еншілес ұйымдарды сатудан ақша қаражатының түсімі | | **8.699** | 56.760 |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздар | | **(14.441)** | (14.482) |
| Борыштық құралдарды алу / (сатып алу) | | **(820)** | 85 |
| Бірлескен кәсіпорынның акционерінен алынатын вексель бойынша түсімдер | | **4.844** | – |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(83.901)** | (509.627) |
| | | | |
| **Қаржылық қызметтен ақша ағындары** | | | |
| Қарыздар бойынша түсімдер | 19 | **100.461** | 248.125 |
| Қарыздарды өтеу | 19 | **(120.514)** | (305.399) |
| Бақыланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендтер | | **–** | (23) |
| Еншілес ұйымның өз акцияларын сатып алуы | | **(212)** | (1.477) |
| Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу | | **–** | (17.730) |
| Жалдаудың негізгі борышы бойынша міндеттемелерді өтеу | | **(4.568)** | (4.666) |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза қозғалысы** | | **(24.833)** | (81.170) |

*Есеп саясаты және 10-38 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| | Ескерт. | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін 2020 жыл (аудит жүргізілмеген) | 2019 жыл* (аудит жүргізілген) (қайта есептелген) |
|---|---|---|---|
| Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері | | **133.688** | (18.880) |
| Күтілетін несие залалдарының резервіндегі өзгеріс | | **335** | 22 |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс** | | **165.176** | (708.458) |
| Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары | | **1.064.452** | 1.545.848 |
| **Кезең соңына ақша қаражаты мен оның баламалары** | | **1.229.628** | 837.390 |

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 3-ескертпеде келтірілген.*

## АҚШАЛАЙ ЕМЕС ЖӘНЕ БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАР: ҚОСЫМША АШЫП КӨРСЕТУ

Мына елеулі ақшасыз және басқа да операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есептен алынып тасталды:

### Сыйақыларды капиталға айналдыру

2020 жылғы 31 наурызда аяқталған кезең үшін Топ қарыздар бойынша сыйақыларды 1.380 миллион теңге (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған кезең үшін: 110 миллион теңге) мөлшерінде негізгі құралдардың баланстық құнында капиталға айналдырды *(14-ескертпе)*.

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры

*Д.С. Қарабаев*

Бас бухгалтер

*Б.Е. Орынбаев*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| | Бас компанияның акционерлеріне келеді | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Басқа да капитал | Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | Бөлінбеген пайда | Жиыны | Бақылан-байтын қатысу үлесі | Жиыны |
| **2018 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)** | 916.541 | 40.794 | 83 | 1.764.108 | 4.341.063 | 7.062.589 | 80.480 | 7.143.069 |
| 16 ХҚЕС-ті қолданудан болған әсер | – | – | – | – | (4.268) | (4.268) | (910) | (5.178) |
| **2019 жылғы 1 қаңтарға (қайта есептелген)** | 916.541 | 40.794 | 83 | 1.764.108 | 4.336.795 | 7.058.321 | 79.570 | 7.137.891 |
| Кезеңдегі таза пайда | – | – | – | – | 309.165 | 309.165 | 35 | 309.200 |
| Басқа да жиынтық (зиян)/кіріс | – | – | – | (40.224) | 206 | (40.018) | (355) | (40.373) |
| **Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны (аудит жүргізілмеген)** | – | – | – | (40.224) | 309.371 | 269.147 | (320) | 268.827 |
| Самұрық-Қазынамен операциялар | – | – | – | – | (3.877) | (3.877) | – | (3.877) |
| Еншілес ұйымның өз акцияларын сатып алуы | – | – | – | – | (1.498) | (1.498) | (17) | (1.515) |
| **2019 жылдың 31 наурызына (аудит жүргізілмеген)** | 916.541 | 40.794 | 83 | 1.723.884 | 4.640.791 | 7.322.093 | 79.233 | 7.401.326 |

*Есеп саясаты және 10-38 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| | Бас компанияның акционерлеріне келеді | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Басқа да капитал | Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | Бөлінбеген пайда | Жиыны | Бақылан-байтын қатысу үлесі | Жиыны |
| **2019 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)** | 916.541 | 40.794 | 83 | 1.731.747 | 5.469.236 | 8.158.401 | 38.255 | 8.196.656 |
| Кезеңдегі таза пайда | – | – | – | – | **86.267** | **86.267** | **(16.753)** | **69.514** |
| Басқа да жиынтық (зиян)/кіріс | – | – | – | **641.630** | – | **641.630** | **(20)** | **641.610** |
| **Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны (аудит жүргізілмеген)** | – | – | – | **641.630** | **86.267** | **727.897** | **(16.773)** | **711.124** |
| Қарыздың өтелуіне орай Компания Самұрық-Қазынадан алынған қарыз бойынша дисконтты ауыстыру | – | **(10.971)** | – | – | **10.971** | – | – | – |
| Сенімгерлік басқару шарты қолданылуының тоқтатылуына орай Үкіметтен алынған мұнай құбырларын беру | – | **(9.629)** | – | – | **626** | **(9.003)** | – | **(9.003)** |
| Самұрық-Қазынаның бөлуі | – | – | – | – | **846** | **846** | – | **846** |
| Самұрық-Қазынамен операциялар | – | – | – | – | **(3.474)** | **(3.474)** | – | **(3.474)** |
| Еншілес ұйымның өз акцияларын сатып алуы | – | – | – | – | **214** | **214** | **(3)** | **211** |
| **2020 жылдың 31 наурызына (аудит жүргізілмеген)** | **916.541** | **20.194** | **83** | **2.373.377** | **5.564.686** | **8.874.881** | **21.479** | **8.896.360** |

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры ____________ Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер ____________ Е.Е. Орынбаев

*Есеп саясаты және 10-38 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

**2020 жылдың 31 наурызында аяқталған үш ай үшін**

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания», «ҚазМұнайГаз» немесе «Бас компания») 2002 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі мәтін бойынша – «Үкімет») 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 Қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ЖАҚ Ұлттық мұнай-газ компаниясы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Қазақойл» ҰМК) мен «Мұнай және газ көлігі» Ұлттық компаниясының (бұдан әрі мәтін бойынша – «МГК») қосылуы нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде «Қазақойл» ҰМК мен МГК-ның барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде осы компаниялар иелік еткен барлық кәсіпорындардағы қатысу үлестері ҚазМұнайГазға берілді. 2004 жылдың наурызында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық») болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қорымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ-ын (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі («ҚР Ұлттық Банкі») Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 10%-ын және бір акциясын сатып алды.

2020 жылғы 31 наурызға Компанияның 62 операциялық компанияда (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 54) қатысу үлесі болды (бұдан әрі мәтін бойынша – «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қонаев көшесі, 8.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- мұнай-газ саласында мемлекеттің саясатына қатысу;
- келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- көмір сутегілерді барлау, әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, өткізу, тасымалдау, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі кіреді.

Топтың осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығаруға Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры және Бас бухгалтер 2020 жылғы 27 мамырда бекітті.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік № 34 Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарты *«Аралық қаржылық есептілікке»* сәйкес (бұдан әрі мәтін бойынша – «34 ХБЕС») дайындалды. Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін талап етілетін барлық ақпарат пен ашып көрсетулер кірмейді және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

### Шетел валютасын қайта есептеу

*Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Топтың осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі – «функционалдық валюта»). Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Топты білдіру валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») білдірілген.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)**

*Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтіне жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиелер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

*Топтың шетелдік бөлімшелерінің операцияларын қайта есептеу*

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығындары және қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

*Валюталарды айырбастау бағамдары*

Қазақстан Қор Биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

ҚҚБ 2020 жылғы 31 наурыздағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін тиісінше 447,67 және 382,59 теңгені құрады. Бұл бағамдар 2020 жылдың 31 наурызына және 2019 жылдың 31 желтоқсанына АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды. 2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін орташа алынған бағам 1 АҚШ доллары үшін 391,72 теңге болды. ҚҚБ-ның 2020 жылғы 27 мамырдағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 412,10 теңгені құрады.

**COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай**

COVID-19 ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде ескерілді. Бұл аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі жорамалына сүйене отырып дайындалды. Бұл жорамалды бағалау үшін Топ түрлі стресс тесттердің негізінде өтімділік болжамын жасады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

### COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай (жалғасы)

Топтың маңызды есепті бағалаулары мен пайымдаулары 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген. 2020 жылғы бірінші тоқсанның соңында, бұрын қолданылған бағалаулар мен пайымдаулар ағымдағы нарықтық жағдайды көрсету үшін өзгерістерді енгізу қажеттілігінің мәніне сараланды. Кейбір активтер мен міндеттемелерді бағалау жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілгенмен, оның ішінде төменде көрсетілгендермен салыстырғанда белгісіздіктің барынша жоғары деңгейіне ұшырағыш келеді.

### Құнсыздануға тестілеуді жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар

2020 жылғы бірінші тоқсанда нарықтық бағалардың едәуір өзгерістерінің нәтижесінде, құнсыздануға тестілеуді жасау кезінде пайдаланылған бағалық жорамалдар қайта қаралды. Топтың Brent маркалы мұнайға болжамды бағаларға, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы мен инфляцияның көрсеткіштеріне қатысты ұзақ мерзімді жорамалдары қайта қаралды және сыртқы ақпарат көздерінен алынған болжамдардың және ұзақ мерзімді нарықтық үміттерді болжайтын тәуелсіз зерттеу ұйымдары мөлшерлемелерінің үйлесімділігіне негізделген. Өндіріс көлемдерінің есептеулері еншілес ұйымның шикі мұнайының дәлелденген әзірленген және әзірленбеген қорларына, сондай-ақ елеулі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар үшін шикі мұнайдың дәлелденген және ықтимал қорларына негізделген. Өндіру кезеңі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімінің аяқталу күнімен не болмаса Топтың лицензияның қолданылу мерзімін ұзартуға ниеті болғанда, лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту кезеңімен айқындалады. Өндірістің бағаланған көлемі Топтың өндірістік жоспарларына негізделген, олар, негізінен, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді беру үшін пайдаланылады.

Пайдалану құндылығын бағалау әдісімен құнсыздану мәніне тестілеу кезінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемелері де қайта қаралды. Дисконттау мөлшерлемелері ақша ағындарын жасайтын бөлек бірлік капиталының орташа алынған құнының негізінде есептелді және өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйлықақыға, бета коэффициентке және ақша ағындарын жасайтын тиісті бірліктің меншікті және қарызға алынған қаражатының ара қатынасына қарай 9,16%-дан бастап 15,13%-ға дейін құбылып отырды.

Топтың мұнай мен газ бағаларына және құнсыздануға арналған тестілеуді жүргізу үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелеріне қатысты жорамалдарын қайта қарау Ақша Қаражатын Жасайтын Бірлік Эмбамұнайгаз байланысты 60.440 миллион теңгені *(11-ескертпе)* және Топтың бірлескен кәсіпорны мен қауымдасқан компаниясына қатысты 38.000 миллион теңгені *(16-ескертпе)* қоспағанда, 2020 жылдың бірінші тоқсаны үшін құнсызданудан болған қандай да бір елеулі шығындардың мойындалуына әкеп соқтырмады. Құнсыздануға барлық шығыстар тек *Мұнай мен газды барлау және өндіру* сегментінде ғана көрсетілген.

Мұнайды қайта өндеу маржасының жоспарланған көрсеткіштерін, өндіріс көлемдері мен басқа да факторларды назарға ала отырып Топ, гудвилді қоса алғанда, мұнай мен газды, басқа да активтерді қайта өңдеу бойынша активтерді бағалады. Құнсыздануға жүргізілген тестілеудің нәтижелері бойынша өтелетін сомалар баланстық құннан асатын ретінде айқындалды және тиісінше, құнсыздану танылмады.

### Резервтер бойынша жорамалдар

Резервтерге қолданылатын дисконттаудың номиналды тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемесі 2020 жылдың бірінші тоқсанының ішінде ұзақ мерзімді мемлекеттік облигациялар кірістілігінің өзгеруі нәтижесінде қайта қаралды. Өзгерістер Топтың резервтеріне қолданылатын Топтың дисконттау мөлшерлемесінің жалпы бағасына айтарлықтай ықпалын тигізбеді және тиісінше, шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген мөлшерлеме айтарлықтай өзгермеді. Топтың қолындағы резервтеріне қатысты ақша ағындарының мерзімдері мен сомалары ағымдағы жағдайдың нәтижесінде айтарлықтай өзгермеуі тиіс, дегенмен егжей-тегжейлі шолу кейіннен 2020 жылы жасалады.

### Басқа да бухгалтерлік бағалаулар мен пайымдаулар

Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылып көрсетілген барлық басқа маңызды бухгалтерлік бағалаулар мен пайымдаулар өзгеріссіз қалады, ешқандай жаңа маңызды бухгалтерлік бағалаулар мен пайымдаулар анықталмады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2020 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай-да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді және түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Топ 2020 жылы кейбір түзетулер мен түсіндірмелерді алғаш рет қолдануда, бірақ олар оның аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

*«Бизнесті айқындау» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер*

3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерде бизнес болып есептелу үшін қызмет түрлері мен активтердің интеграцияланған жиынтығына кем дегенде үлес және принципиалды маңызы бар процесс кіруі тиіс екендігі түсіндіріледі, олар бірігіп едәуір шамада қайтарымның пайда болуына ықпалдаса алады. Бұл ретте бизнеске қайтарымдылықтың пайда болуына қажетті барлық үлестер мен процестер міндетті түрде кірмей қалуы да түсіндіріледі. Бұл түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Топтың ағымдағы практикасы осы өзгерістерге сәйкес келеді.

*«Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау» 7 ХҚЕС-ке (IFRS), 9 ХҚЕС-ке (IFRS) және 39 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

*«Қаржы құралдары: мойындау және бағалау»* 9 ХҚЕС-ке (IFRS), 39 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер базалық пайда мөлшерлемесінің реформасы тікелей ықпал ететін хеджирлеудің барлық қатынастарға қолданылатын бірқатар босатуларды қамтиды. Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы хеджирлеудің қарым-қатынастарына әсер етеді, егер оны қолдану нәтижесінде хеджирлеу объектісі бойынша немесе хеджирлеу құралы бойынша базалық пайыздық мөлшерлемеге негізделген ақша ағындарының пайда болу мерзімдеріне немесе өлшеміне қатысты белгісіздіктер пайда болса. Бұл түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені оның базалық пайыздық мөлшерлеме реформасымен қозғалуы мүмкін хеджирлеудің қарым-қатынастары жоқ.

*«Маңыздылықты айқындау» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

Түзетулер маңыздылықтың жаңа анықтамасын ұсынады, соған сай «егер ақпаратты жіберіп алу, оны бұрмалау немесе бүркеу нақты есеп беретін ұйым туралы қаржылық ақпаратты ұсынатын бұл қаржылық есептіліктің негізінде олар қабылдайтын жалпы мақсаттағы қаржылық есептілікті негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтуге болатын болса, ақпарат маңызды болып табылады».

Түзетулерде маңыздылық бүтіндей қарастырылатын қаржылық есептілік контекстінде ақпараттың (бөлек не болмаса басқа ақпаратпен жиынтығында алынған) сипатына немесе сандық маңыздылығына байланысты болатындығы түсіндіріледі.

Егер бұл қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтуге тұрарлық болса, ақпараттың бұрмалануы елеулі болып табылады. Бұл түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді және оның әсері келешекте де болмайды деп күтілуде.

*2018 жылғы 29 наурызда шығарылған «Қаржылық есептілікті ұсынудың концептуалдық негіздері»*

Концептуалдық негіздер стандарт болып табылмайды және Концептуалдық негіздердің бірде бір ережесінің стандарттың қандай да бір ережесіне немесе талабына басым түсетіндей күші жоқ. Концептуалдық негіздердің мақсаты мынада: ХҚЕС жөніндегі Кеңеске стандарттарды әзірлеуге жәрдемдесу; стандарттардың бірде бірі белгілі бір операцияны немесе басқа да оқиғаны реттемегенде, есеп саясатының ережелерін әзірлеу кезінде қаржы есептерін жасаушыларға жәрдемдесу; және барлық тараптарға стандарттарды түсінуде және түсіндіруде жәрдемдесу.

Концептуалдық негіздердің қайта қаралған редакциясы бірнеше жаңа тұжырымдаманы, активтер мен міндеттемелердің жаңартылған анықтамаларын және оларды мойындау критерийлерін қамтиды, сондай-ақ кейбір маңызды ережелерді түсіндіреді.

Бұл құжаттың қайта қаралуы аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін тигізбеді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

**Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер**

2019 жылғы 31 желтоқсаннан бастап *«Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер»* 8 ХҚЕС-ке (IAS) сай Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну жөніндегі есеп саясатындағы өзгерістерді ерікті түрде қолдануды шешті және жиынтық жылдық кіріс туралы есепті пайда болу табиғатының негізінде және ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті ағымдағы жылғы қаржылық ақпараттың ұсынылуын жақсарту үшін жанама әдісті пайдалана отырып ашып көрсетуді және Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің сала бойынша басқа компаниялармен салыстырып тексеруін ұлғайтуды таңдады. Қайта жіктеулер таза пайдаға немесе кезеңдегі жиынтық кіріске немесе капиталға әсерін тигізбеді.

*Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есепті ұсынудағы өзгерістер*

Топ 2020 жылғы 31 наурызға және 2019 жылғы 31 желтоқсанға қаржы және қаржылық емес басқа да ағымдағы активтерді, ұзақ мерзімді және ағымдағы міндеттемелерді бөлек ұсынуды шешті.

Функционалдық ұсынудан пайда болу табиғаты бойынша ұсыну әдісіне өтуге орай *жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепті ұсынудағы өзгерістер* келесі баптардың қайта жіктелуіне әкеп соқтырды:

| | | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін | |
|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | Шығарылған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2019 жыл | Қайта жіктелді 2019 жыл |
| Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны | [А] | – | 1.066.813 |
| Өндірістік шығыстар | [Б] | – | 162.899 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | [В] | – | 118.677 |
| Тозу, тауысылу және амортизация | [Г] | – | 83.369 |
| Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны | [А], [Б], [В], [Г] | 1.351.183 | – |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | [В], [Г] | 40.660 | 32.097 |
| Тасымалдау және сату бойынша шығыстар | [В], [Г] | 186.973 | 115.555 |
| Басқа да шығыстар | [Г] | 5.062 | 4.734 |
| Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және инвестициялық жылжымайтын мүліктің есептен шығарылуынан болған зиян, нетто | [Г] | 266 | – |
| | | **1.584.144** | **1.584.144** |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

**Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)**

2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін ашып көрсетулерде келесідей өзгерістер болды:

[А] Топ *Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдерінің және басқа да материалдардың өзіндік құнын* бөлек баппен көрсетуді шешті.

[Б] *Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құнын қоспағанда, өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің Өзіндік құнының* құрамында бұрын көрсетілген басқа баптар *Өндірістік шығыстар* ретінде біріктіріліп, жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есептің бөлек бабы ретінде көрсетілді.

[В] Топ *пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық* пен басқа да салықтарды агрегациялауды және 30.713 миллион теңге және тиісінше 16.892 миллион теңге сомаға өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының құрамынан, басқа салықтарды 3.256 миллион теңге сомаға жалпы және әкімшілік шығыстардан, шикі мұнайдың экспортына салынатын рента салығы мен кеден бажын 34.171 миллион теңге және тиісінше 33.645 миллион теңге сомаға тасымалдау және өткізу шығыстарынан алып тастауды және жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есептің табыс салығынан басқа салықтар бөлек бабымен көрсетуді шешті. Баптың құрамдастары өзгерген жоқ және алдыңғы жылдың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес келеді.

[Г] Топ *Тозуды, таусылуды және амортизацияны* агрегациялауды және *Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының* 73.867 миллион теңге, *Жалпы және әкімшілік шығыстардың* 5.307 миллион теңге, *Тасымалдау және өткізу шығыстарының* 3.602 миллион теңге, *Басқа да шығыстардың* 593 миллион теңге сомасына құрамынан алып тастауды және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің бөлек бабы ретінде көрсетуді шешті.

Сонымен бірге, пайыздық кірістер мен шығыстар қаржылық кірістер мен қаржылық шығындарды ашып көрсетулерде бөлек көрсетілді.

*Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті* тікелей әдістен жанама әдіске көрсетуде болған өзгеріс ретроспективті түрде қолданылды, Топтың негізгі қызметінің бірі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына бірлескен кәсіпорындар көмегімен қатысу арқылы бұл келісімшарттарда Мемлекеттің мүдделерін білдіру болғандығын назарға ала отырып, Топ бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардан 1.696 миллион теңге сомада алынған дивидендтерді операциялық қызметтен болған ақша ағынының құрамында ашып көрсетуді шешті. Бұл тәсіл 7 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес рұқсат етілген.

## 4. ТҮСІМ

| *Миллион теңгемен* | **31 наурызда аяқталған үш ай үшін 2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта жіктелді) |
|---|---|---|
| **Өнім және қызмет типі** | | |
| Шикі мұнай мен газды сату* | **801.433** | 1.071.315 |
| Мұнай өнімдерін сату* | **381.280** | 507.838 |
| Мұнай мен газды тасымалдау қызметтері | **82.033** | 78.374 |
| Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері | **50.909** | 50.950 |
| Басқа да кірістер | **60.459** | 56.794 |
| | **1.376.114** | 1.765.271 |
| **Географиялық нарық** | | |
| Қазақстан | **304.294** | 316.189 |
| Басқа елдер | **1.071.820** | 1.449.082 |
| | **1.376.114** | 1.765.271 |

* *Топ газды қайта өңдеудің өткізілген өнімдерін 9.433 миллион теңге мөлшерінде Шикі мұнай мен газды сатудан алып тастады және 2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін Мұнай өнімдерін сатуға қосты.*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ КІРІСТЕРІНДЕГІ ҮЛЕС, НЕТТО

| | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін | |
|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы (аудит жүргізілмеген) |
| «Теңізшевройл» ЖШС | **63.951** | 105.735 |
| Каспий Құбыр Консорциумы | **20.124** | 17.520 |
| «Маңғыстау Инвестмент Б.В.» | **6.114** | 23.269 |
| «ҚазГерМұнай» ЖШС | **6.006** | 6.795 |
| «ПетроКазахстан Инк.» | **2.718** | 1.877 |
| «Теңіз Сервис» ЖШС | **415** | 3.653 |
| «Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС | **(17)** | 1.650 |
| КМГ Кашаган Б.В. | **(101)** | 5.175 |
| Ural Group Limited | **(2.466)** | (1.806) |
| «Азиялық Газ құбыры» ЖШС («АГҚ») | **(4.282)** | 30.856 |
| «ҚазРосГаз» ЖШС (КРГ) | **(6.441)** | 1.637 |
| Бейнеу – Шымкент газ құбыры | **(7.767)** | 23.256 |
| Valsera Holdings B.V. | **(11.275)** | (2.839) |
| Басқа да бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес | **(1.663)** | 2.244 |
| | **65.316** | 219.022 |

## 6. САТЫП АЛЫНҒАН МҰНАЙДЫҢ, ГАЗДЫҢ, МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ МЕН БАСҚА ДА МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

| | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін | |
|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы (қайта жіктелді) (аудит жүргізілмеген) |
| Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай | **406.618** | 614.158 |
| Қайта сату үшін сатып алынатын газ | **146.062** | 129.306 |
| Қайта өңдеуге арналған мұнайдың құны | **123.291** | 226.132 |
| Материалдар мен қорлар | **16.661** | 54.429 |
| Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері | **48.752** | 42.788 |
| | **741.384** | 1.066.813 |

## 7. ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫСТАР

| | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін | |
|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы (қайта жіктелді) (аудит жүргізілмеген) |
| Жалақы бойынша шығыстар | **72.827** | 78.599 |
| Электр қуаты | **21.207** | 22.387 |
| Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері* | **19.351** | 21.866 |
| Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар* | **16.386** | 18.306 |
| Көлік шығыстары | **7.750** | 7.311 |
| Басқа | **36.875** | 14.430 |
| | **174.396** | 162.899 |

* *2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін Топ Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге қатысы бар сомаларды 14.063 миллион теңге мөлшерінде Басқалардан қайта жіктеді. Сонымен бірге, Жалдау бойынша шығыстар Басқалардан бөлініп шығарылып, өндірістік шығыстардың құрамында бөлек көрсетілді.*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 8. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА САЛЫҚТАР

| | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін | |
|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы (қайта жіктелді) (аудит жүргізілмеген) |
| Экспорттық кеден бажы | **30.963** | 33.645 |
| Шикі мұнай экспортына кіріс салығы | **19.597** | 34.171 |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық | **18.524** | 30.713 |
| Басқа салықтар | **25.209** | 20.148 |
| | **94.293** | 118.677 |

## 9. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САТУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

| | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін | |
|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы (қайта жіктелді) (аудит жүргізілмеген) |
| Тасымалдау | **108.232** | 100.946 |
| Жалақы бойынша шығыстар | **2.928** | 4.237 |
| Басқа | **7.489** | 10.372 |
| | **118.649** | 115.555 |

## 10. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

| | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін | |
|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы (қайта жіктелді) (аудит жүргізілмеген) |
| Жалақы бойынша шығыстар | **17.594** | 16.775 |
| Кеңес беру қызметтері | **5.697** | 4.193 |
| Есепке алынбаған ҚҚС | **986** | 901 |
| Сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін несие залалдары бойынша резервті есептеу | **616** | 1.383 |
| Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануы | **551** | – |
| Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар | **523** | 505 |
| Басқа да ағымдағы активтер бойынша күтілетін несие залалдары бойынша резервті есептеу / (қалпына келтіру) | **207** | (10) |
| Әлеуметтік төлемдер | **1.044** | 909 |
| Қызмет көрсету шығыстары | **1.741** | 1.340 |
| Байланыс қызметтері | **762** | 718 |
| Басқа | **7.976** | 5.383 |
| | **37.697** | 32.097 |

2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін, персонал шығыстарының жиыны 93.349 миллион теңге болды (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін: 99.611 миллион теңге) және жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есепте өндірістік шығыстардың, тасымалдау және өткізу шығыстарының және жалпы әрі әкімшілік шығыстардың құрамында көрсетілді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 11. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР МЕН БАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

| | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін | |
|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы (аудит жүргізілмеген) |
| Негізгі құралдар *(14-ескертпе)* | **44.751** | 76 |
| Барлау және бағалау бойынша активтер | **16.388** | 292 |
| | **61.139** | 368 |

Келесі АҚГБ бойынша шығындар танылды:

| | 31 наурызда аяқталған үш ай үшін | |
|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы (аудит жүргізілмеген) |
| Эмбамұнайгаз (ЭМГ) | **60.440** | – |
| Басқа | **699** | 368 |
| | **61.139** | 368 |

### ЭМГ

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша ЭМГ негізгі құралдардың өтелетін құнын және мұнайға болжамды бағалардың төмендеуі сияқты құнсыздану белгілерінің болуына орай барлау және бағалау активтерін бағалады. ЭМГ өтелетін құнды ақша ағындарын дисконттау үлгісін пайдалана отырып есептеді. Ақша қаражаты қозғалысының болжамдарына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі 13,99% болды. 5 жылдық бизнес-жоспар ақпараттың негізгі дереккөзі ретінде пайдаланылды. Ол шикі мұнайды өндіру, сату көлемдері, кірістер, шығыстар мен күрделі шығындар бойынша болжамдарды қамтиды. Бұл бағалаудың нәтижесінде активтердің баланстық құны олардың бағаланған өтелетін құнын 60.440 миллион теңгеге асты және жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есепте құнсыздану ретінде танылды.

*Сезімталдылықты талдау*

Өтелетін құнды айқындаудың шешуші факторлары мұнай бағасы, өндіріс көлемі, доллардың теңгеге қатысты айырбастау бағамы, инфляция мөлшерлемесі мен дисконттау мөлшерлемесі болып табылады. Беріктік қорының шешуші факторлардың өзгеруіне сезімталдығы былайша бағаланады:

- егер мұнай бағасы есептеулерде пайдаланылатын мұнай бағасынан 5%-ға төмендесе, бұл есепті өтелетін соманың 48 миллиард теңгеге азаюына әкеп соқтырады;
- егер барлық кезең бойына өндіріс көлемі есептеулерде пайдаланылатын өндіріс көлемінен 5%-ға төмендесе, бұл есепті өтелетін соманың 14 миллиард теңгеге азаюына әкеп соқтырады;
- егер дисконт мөлшерлемесі 5%-ға өсетін болса, бұл есепті өтелетін соманың 3 миллиард теңгеге азаюына әкеп соқтырады;
- егер инфляция деңгейі 5%-ға өсетін болса, бұл есепті өтелетін соманың 4 миллиард теңгеге азаюына әкеп соқтырады;
- егер доллардың теңгеге қатысты айырбастау бағамы барлық кезең бойына 5%-ға өсетін болса, бұл есепті өтелетін соманың 38 миллиард теңгеге азаюына әкеп соқтырады;
- егер жоғарыда аталған факторлар 5%-ға ұлғаятын болса, беріктік қоры айтарлықтай өзгере алады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 12. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС / ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

### Қаржылық кіріс

| *Миллион теңгемен* | **31 наурызда аяқталған үш ай үшін** **2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жыл (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|
| Банк салымдары, қаржы активтері, қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық кіріс | **22.932** | 25.606 |
| Шығарылған қаржылық кепілдіктер бойынша дисконт амортизациясы | **1.631** | 519 |
| **Пайыздық кірістің барлығы** | **24.563** | 26.125 |
| Нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша қарыздар бойынша дисконт *(19-ескертпе)* | **11.002** | – |
| Басқа | **1.450** | 3.481 |
| | **37.015** | 29.606 |

### Қаржылық шығындар

| *Миллион теңгемен* | **31 наурызда аяқталған үш ай үшін** **2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жыл (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|
| Қарыздар мен шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар *(19-ескертпе)* | **55.655** | 57.916 |
| Жалдау шарттары бойынша пайыздар | **865** | 990 |
| Мұнайды жеткізу шарты бойынша сыйақы | **–** | 8.792 |
| **Пайыздық шығыстың барлығы** | **56.520** | 67.698 |
| Активтерді шығару міндеттемелері мен экологиялық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы | **3.059** | 2.983 |
| Борыштық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруі | **–** | 2.799 |
| Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша активтерге дисконт | **466** | 110 |
| Банк депозиттері, ағымдағы шоттар мен байланысты тараптарға қарыздар бойынша күтілетін несие залалдарын есептеу | **157** | 227 |
| Басқа | **6.872** | 11.576 |
| | **67.074** | 85.393 |

## 13. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

| *Миллион теңгемен* | **31 наурызда аяқталған үш ай үшін** **2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жыл (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|
| **Ағымдағы табыс салығы** | | |
| Корпоративтік табыс салығы | **22.748** | 28.042 |
| Үстеме пайда салығы | **33** | 86 |
| Дивидендтер мен сыйақылардың кірістері бойынша төлем көзінен ұсталатын салық | **3.052** | 3.475 |
| **Мерзімі ұзартылған табыс салығы** | | |
| Корпоративтік табыс салығы | **(20.318)** | 15.327 |
| Үстеме пайда салығы | **3.465** | 7 |
| Дивидендтер мен сыйақылардың кірістері бойынша төлем көзінен ұсталатын салық | **9.593** | 12.744 |
| **Табыс салығы бойынша шығыстар** | **18.573** | 59.681 |

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 14. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

| *Миллион теңгемен* | Мұнай-газ активтері | Мұнай құбырлары | Қайта өңдеу бойынша активтер | Ғимараттар мен құрылыстар | Машиналар мен жабдықтар | Көлік құралдары | Басқасы | Аяқталма-ған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2018 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны (аудит жүргізілген)** | 1.081.676 | 787.813 | 1.551.204 | 263.204 | 394.602 | 116.561 | 44.124 | 275.986 | 4.515.170 |
| Есеп саясатындағы өзгерістер | – | – | (524) | – | – | – | – | – | (524) |
| **2019 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша (қайта есептелді)** | 1.081.676 | 787.813 | 1.550.680 | 263.204 | 394.602 | 116.561 | 44.124 | 275.986 | 4.514.646 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | (7.127) | (451) | (6.159) | (374) | 453 | (421) | (103) | (217) | (14.399) |
| Есепті бағалаудағы өзгеріс | 622 | – | – | – | – | – | – | – | 622 |
| Түсімдер | 6.222 | 111 | 89 | 243 | 732 | 537 | 419 | 56.176 | 64.529 |
| Есептен шығару | (1.823) | (153) | (331) | (2.592) | (1.338) | (797) | (1.530) | (18) | (8.582) |
| Тозу бойынша шығыстар | (22.223) | (7.288) | (29.117) | (4.275) | (9.493) | (3.143) | (2.176) | – | (77.715) |
| Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану | 940 | 148 | 327 | 1.350 | 1.101 | 699 | 1.187 | – | 5.752 |
| Құнсыздануды қалпына келтіру / (резерві) *(11-ескертпе)* | – | – | – | – | 43 | (4) | – | (115) | (76) |
| Қорлардан/(ға) аудару, нетто | 5 | (2) | (14) | 1 | 300 | 19 | 12 | 140 | 461 |
| Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар | – | – | (18) | (1) | (239) | (117) | – | – | (375) |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару | – | – | – | – | (32) | – | (77) | (7) | (116) |
| Материалдық емес активтерден аударымдар | – | – | – | – | – | – | – | 41 | 41 |
| Барлау және бағалау бойынша активтерге аударымдар | 3.020 | – | – | – | – | – | – | 1.134 | 4.154 |
| Аударымдар және қайта жіктеулер | (6.332) | 393 | 1.769 | 27.856 | 109.336 | 1.326 | 63.945 | (198.293) | – |
| **2019 жылдың 31 наурызына қалдық құны (аудит жүргізілмеген)** | 1.054.980 | 780.571 | 1.517.226 | 285.412 | 495.465 | 114.660 | 105.801 | 134.827 | 4.488.942 |
| Бастапқы құн | 2.106.867 | 985.513 | 2.369.620 | 547.470 | 828.821 | 234.610 | 222.038 | 183.658 | 7.478.597 |
| Жинақталған тозу және құнсыздану | (1.051.887) | (204.942) | (852.394) | (262.058) | (333.356) | (119.950) | (116.237) | (48.831) | (2.989.655) |
| **2019 жылдың 31 наурызына қалдық құны (аудит жүргізілмеген)** | 1.054.980 | 780.571 | 1.517.226 | 285.412 | 495.465 | 114.660 | 105.801 | 134.827 | 4.488.942 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 14. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Мұнай-газ активтері | Мұнай құбырлары | Қайта өңдеу бойынша активтер | Ғимараттар мен құрылыстар | Машиналар мен жабдықтар | Көлік құралдары | Басқасы | Аяқталма-ған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны (аудит жүргізілген)** | 1.049.763 | 803.717 | 1.381.661 | 300.655 | 457.811 | 97.637 | 106.286 | 286.741 | 4.484.271 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | 86.206 | 6.768 | 71.192 | 13.355 | 6.133 | 5.235 | 12.073 | 26.358 | 227.320 |
| Түсімдер | 4.751 | 1.246 | 267 | 5 | 920 | 420 | 541 | 132.122 | 140.272 |
| Есепті бағалаудағы өзгерістер | 3.755 | 3.904 | – | – | – | – | – | – | 7.659 |
| Есептен шығару | (3.226) | (10.014) | (200) | (155) | (452) | (227) | (380) | (633) | (15.287) |
| Тозу бойынша шығыстар | (31.261) | (7.520) | (29.027) | (4.363) | (9.179) | (2.844) | (2.650) | – | (86.844) |
| Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану | 2.232 | 973 | 199 | 152 | 433 | 206 | 359 | 599 | 5.153 |
| Құнсыздану резерві *(11-ескертпе)* | (43.149) | – | – | (410) | (952) | – | (169) | (71) | (44.751) |
| Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар | – | – | – | – | (73) | (3) | – | – | (76) |
| Қорлардан/(ға) аудару, нетто | 15 | (11) | 437 | – | 22 | (19) | 72 | 310 | 826 |
| Материалдық емес активтерден/(ге) аударымдар | – | – | – | – | – | – | 12 | (1.070) | (1.058) |
| Аударымдар және қайта жіктеулер | 17.847 | 6.364 | 779 | 9.663 | 8.798 | 156 | 5.646 | (49.253) | – |
| **2020 жылдың 31 наурызына қалдық құны (аудит жүргізілмеген)** | 1.086.933 | 805.427 | 1.425.308 | 318.902 | 463.461 | 100.561 | 121.790 | 395.103 | 4.717.485 |
| Бастапқы құн | 2.195.193 | 1.041.492 | 2.604.261 | 616.503 | 875.874 | 236.981 | 251.862 | 446.699 | 8.268.865 |
| Жинақталған тозу және құнсыздану | (1.108.260) | (236.065) | (1.178.953) | (297.601) | (412.413) | (136.420) | (130.072) | (51.596) | (3.551.380) |
| **2020 жылдың 31 наурызына қалдық құны (аудит жүргізілмеген)** | 1.086.933 | 805.427 | 1.425.308 | 318.902 | 463.461 | 100.561 | 121.790 | 395.103 | 4.717.485 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 14. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

**Түсімдер**

2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін түсімдер негізінен Өзенмұнайгаз, Эмбамұнайгаз және Қарашығанақ ұңғымаларын 34.900 миллион теңге сомаға бұрғылауға, және Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырының шеңберінде 56.210 миллион теңге сомаға ҚТГ-да компрессорлық станцияларды салуға, ҚТО-да 7.700 миллион теңге сомаға Прорва-Құлсары мұнай құбырын қайта құру және 16.761 миллион теңге сомаға Rompetrol Rafinare жатады.

**Басқасы**

2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда Топ жаңа активтердің құрылысына қатысты 1.380 миллион теңге сомаға 2,55% орташа пайыздық мөлшерлеме бойынша (2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда: 2.525 миллион теңге, капитализацияның орташа пайыздық мөлшерлеме бойынша 4,3%) қарыздар бойынша шығындарды негізгі құралдардың баланстық құнына капиталдандырды.

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша толығымен амортизацияланған, бірақ әлі де пайдаланылатын негізгі құралдардың құны 457.112 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 394.841 миллион теңге) болды.

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қалдық құны 1.062.006 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 1.023.146 миллион теңге) болатын негізгі құралдардың кейбір объектілері топтың банктік қарыздары мен міндеттемелері бойынша қамсыздандыру ретінде кепілге қойылды.

Күрделі міндеттемелер *23-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

## 15. БАНК САЛЫМДАРЫ

| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| АҚШ долларында көрсетілген | **416.608** | 390.598 |
| Теңгемен көрсетілген | **17.792** | 21.940 |
| Минусы: күтілетін несиелік залал резерві | **(506)** | (508) |
| | **433.894** | 412.030 |

2020 жылғы 31 наурызға ұзақ мерзімді банк салымдарының орташа алынған мөлшерлемесі АҚШ долларында 1,08% және теңгемен тиісінше 2,62% болды (2019 жылғы 31 желтоқсанға: АҚШ долларында 1,08% және теңгемен тиісінше 2,58%).

2020 жылғы 31 наурызға қысқа мерзімді банк салымдарының орташа алынған пайыздық мөлшерлемесі АҚШ долларында 1,75% және теңгемен тиісінше 9,44 % болды (2019 жылғы 31 желтоқсанда: АҚШ долларында 1,57% және теңгемен тиісінше 8,33%).

| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Өтеу мерзімі 1 жылға дейін | **375.527** | 359.504 |
| 1 жылдан 2 жылға дейін өтеу мерзімі | **3.478** | 1.029 |
| 2 жылдан артық өтеу мерзімі | **54.889** | 51.497 |
| | **433.894** | 412.030 |

2020 жылғы 31 наурызға банк депозиттеріне 56.241 миллион теңге мөлшерінде (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 50.046 миллион теңге) қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылған ақша қаражаты кіреді, әрі олар негізінен жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының талаптарына сай тарату қоры ретінде пайдалануда шектелген шоттарда орналастырылған 44.481 миллион теңге сомасынан (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 37.916 миллион теңге) тұрады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 16. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

| *Миллион теңгемен* | Негізгі қызметі | Қызметті жүзеге асыру орны | 2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген) Ағымдағы құн | 2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген) Иелік ету үлесі | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) Ағымдағы құн | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) Иелік ету үлесі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорындар** | | | | | | |
| «Теңізшевройл» ЖШС | Көмірсутектерді барлау және өндіру | Қазақстан | **2.854.664** | **20,00%** | 2.377.207 | 20,00% |
| КМГ Кашаган Б.В. | Көмірсутектерді барлау және өндіру | Қазақстан | **2.407.718** | **50,00%** | 2.057.795 | 50,00% |
| «Маңғыстау Инвестментс Б.В.» | Көмірсутектерді әзірлеу және өндіру | Қазақстан | **165.022** | **50,00%** | 158.867 | 50,00% |
| «Азиялық газқұбыры» ЖШС | Газ құбырын салу және пайдалану | Қазақстан | **163.804** | **50,00%** | 158.086 | 50,00% |
| «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС | Газ құбырын салу және пайдалану | Қазақстан | **93.999** | **50,00%** | 101.766 | 50,00% |
| «ҚазРосГаз» ЖШС | Табиғи газды және қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу және сату | Қазақстан | **85.880** | **50,00%** | 79.849 | 50,00% |
| «ҚазГерМұнай» ЖШС | Көмірсутектерді барлау және өндіру | Қазақстан | **35.804** | **50,00%** | 25.620 | 50,00% |
| Ural Group Limited BVI | Көмірсутектерді барлау және өндіру | Қазақстан | **34.443** | **50,00%** | 47.662 | 50,00% |
| «Мұнайтас» ЖШС | Мұнайды тасымалдау | Қазақстан | **21.802** | **51,00%** | 21.373 | 51,00% |
| «Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС | Шикі мұнайды өндіру және өткізу | Қазақстан | **21.421** | **50,00%** | 21.438 | 50,00% |
| «ТеңізСервис» ЖШС | Инфрақұрылымдық объектілерді жобалау, салу және пайдалану, теңіз мұнай операцияларын қолдау | Қазақстан | **16.997** | **48,996%** | 19.277 | 48,996% |
| Valsera Holding BV | Шикі мұнайды қайта өңдеу | Қазақстан | **–** | **50,00%** | 12.776 | 50,00% |
| Басқа | | | **13.779** | | 19.641 | |
| **Қауымдасқан компаниялар** | | | | | | |
| «ПетроҚазақстан Инк.» («ПҚИ») | Көмірсутектерді барлау, өндіру және қайта өңдеу | Қазақстан | **82.595** | **33,00%** | 95.320 | 33,00% |
| Каспий Мұнай құбыры Консорциумы («КМК») | Сұйық көмірсутектерді тасымалдау | Қазақстан/Ресей | **443.268** | **20,75%** | 359.173 | 20,75% |
| Басқа | | | **27.920** | | 24.534 | |
| | | | **6.469.116** | | 5.590.384 | |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 16. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Жоғарыда аталған бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар Топтың бизнесі үшін стратегиялы болып табылады.

2020 жылғы 31 наурызда бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың танылмаған жинақталған шығындардағы Топтың үлесі 43.195 миллион теңгені (2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 17.812 миллион теңгені) құрады.

Төмендегі кестеде 2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін инвестицияларда болған қозғалыс көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | |
|---|---|
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілді)** | 5.590.384 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто *(5-ескертпе)* | **65.316** |
| Бірлескен кәсіпорын капиталындағы басқа да өзгерістер | **24** |
| Алынған дивидендтер | **(7.510)** |
| Алынуға жататын дивидендтердегі өзгеріс | **(483)** |
| Инвестициялардың құнсыздануы | **(38.000)** |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | **859.385** |
| **2020 жылғы 31 наурыздағы сальдо (аудит жүргізілмеген)** | **6.469.116** |

2015 жылғы 16 қазанда Топ KMG Kashagan B.V-дегі өз акцияларының 50%-ын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде акциялардың барлық немесе ішінара пакетін сатып алу опционымен (бұдан әрі – «Опцион») Самұрық-Қазынаның пайдасына сатты. 2017 жылғы 20 желтоқсанда опционды іске асыру кезеңі 2020 жылғы 1 қаңтардан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге өзгертілді. 2020 жылғы 31 наурыздағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша опционның әділ құны елеусіз болды.

Амстердам соты Самұрық-Қазынаның бұл акцияларға билік етуі бөлігінде KMG Kashagan B.V-дегі өз акцияларының 50%-ына құқықтарға шектеулер (бұдан әрі – «шектеулер») қойды. KMG Kashagan B.V-дің көрсетілген акциялары бойынша бұл қамтамасыз ету шарасының қолданылу мерзімінің ішінде бұл акциялар сатыла, беріле немесе ауыртпалық түсіріле алмайды. 2020 жылғы 31 наурыздағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шектеулер күшінде қалды және активтің үстінен бақылау Топқа берілмеді.

## 17. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері** | | |
| Басқа да дебиторлық берешек | **97.726** | 91.610 |
| Алынатын дивидендтер | **8.065** | 7.582 |
| Минусы: күтілетін несиелік залал резерві | **(39.733)** | (35.637) |
| | **66.058** | 63.555 |
| **Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер** | | |
| Алдын ала төлем және болашақ кезеңдердің шығыстары | **66.220** | 138.822 |
| ҚҚС-тан басқа, өтелуге жататын салықтар | **45.993** | 52.642 |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер | **11.303** | 10.794 |
| Минусы: құнсыздану резерві | **(3.710)** | (3.719) |
| | **119.806** | 198.539 |
| **Басқа да қысқа мерзімді активтер жиыны** | **185.864** | 262.094 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 18. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Банктердегі мерзімді салымдар – АҚШ доллары | **467.165** | 108.298 |
| Банктердегі мерзімді салымдар – теңге | **174.682** | 210.354 |
| Банктердегі мерзімді салымдар – басқа валюталар | **4.983** | 6.450 |
| Банктердегі ағымдағы шоттар – АҚШ доллары | **418.776** | 633.231 |
| Банктердегі ағымдағы шоттар – теңге | **85.864** | 75.168 |
| Банктердегі ағымдағы шоттар – басқа валюталар | **8.267** | 10.220 |
| Жолдағы ақша | **69.361** | 19.991 |
| Кассадағы қолма-қол ақша және чектер | **586** | 1.150 |
| Минусы: күтілетін несиелік залал резерві | **(56)** | (410) |
| | **1.229.628** | 1.064.452 |

Мерзімді салымдар әртүрлі мерзімдерге банктерде ақша қаражатында Топтың мұқтаждығына қарай бір күннен үш айға дейінгі мерзімге орналастырылған.

2020 жылғы 31 наурызға банктердегі мерзімді салымдар бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме АҚШ долларында 2,13%, теңгемен 8,69% және тиісінше басқа валюталарда 0,62% (2019 жылғы 31 желтоқсанға: АҚШ долларында 2,02%, теңгемен 8,84% және тиісінше басқа валюталарда 0,12%) болды.

2020 жылғы 31 наурыздағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылмаған.

## 19. ҚАРЫЗДАР

| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар | **3.747.333** | 3.146.477 |
| Орташа алынған сыйақы мөлшерлемелері | **5,45%** | 5,48% |
| Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар | **685.226** | 691.027 |
| Орташа алынған сыйақы мөлшерлемелері | **5,38%** | 5,73% |
| | **4.432.559** | 3.837.504 |

| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| АҚШ долларында берілген қарыздар | **4.131.671** | 3.555.347 |
| Теңгемен көрсетілген қарыздар | **297.784** | 271.776 |
| Еуромен білдірілген қарыздар | **3.103** | 2.881 |
| Басқа валюталарда берілген қарыздар | **1** | 7.500 |
| | **4.432.559** | 3.837.504 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 19. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Ағымдағы бөлік | **338.571** | 253.428 |
| Ұзақ мерзімді бөлік | **4.093.988** | 3.584.076 |
| | **4.432.559** | 3.837.504 |

2020 жылғы 31 наурыздағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша облигациялар мыналарды қамтыды:

| *Миллион теңгемен* | **Шығару сомасы** | **Өтеу күні** | **Сыйақы мөлшерлемесі** | **31 наурызда 2020 жыл (аудит жүргізілмеген)** | 31 желтоқсан 2019 жылғы (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|---|---|
| **Облигациялар** | | | | | |
| AIX 2019 | 56 миллиард теңге | 2024 | 5,00% | **54.199** | 52.843 |
| ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары | 1,5 миллиард АҚШ доллары | 2048 | 6,375% | **682.633** | 574.230 |
| ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары | 1,25 миллиард АҚШ доллары | 2030 | 5,375% | **571.987** | 482.393 |
| ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары | 0,5 миллиард АҚШ доллары | 2025 | 4,75% | **228.224** | 192.764 |
| ЛҚБ 2017 жылғы облигациялары | 1,25 миллиард АҚШ доллары | 2047 | 5,75% | **556.911** | 468.940 |
| ЛҚБ 2017 жылғы облигациялары | 1 миллиард АҚШ доллары | 2027 | 4,75% | **450.671** | 380.413 |
| ҚҚБ 2017 жылғы облигациялары | 750 миллион АҚШ доллары | 2027 | 4,375% | **335.135** | 289.487 |
| ЛҚБ 2017 жылғы облигациялары | 0,5 миллиард АҚШ доллары | 2022 | 3,88% | **226.609** | 191.694 |
| ЛҚБ 2013 жылғы облигациялары | 1 миллиард АҚШ доллары | 2023 | 4,40% | **182.912** | 154.442 |
| Басқа | | | | **4.443** | 4.518 |
| **Жиыны** | | | | **3.293.724** | 2.791.724 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 19. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Шығару сомасы | Өтеу күні | Сыйақы мөлшерлемесі | 2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген) | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қарыздар** | | | | | |
| The Export-Import Bank of China (Эксимбанк) | 1,13 миллиард АҚШ доллары | 2026 | 6M Libor + 4,10% | **328.469** | 350.042 |
| «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (ҚДБ) | 230 миллиард теңге | 2022-2028 | 7,00%-10,20% | **172.316** | 138.313 |
| ҚДБ | 1,1 миллиард АҚШ доллары | 2023-2025 | 6M Libor + 4,00%, 5,00%, 10,99% | **128.167** | 131.022 |
| Синдикатталған қарыз (Unicredit, ING Bank, BCR, Raiffeisen Bank) | 360 миллион АҚШ доллары | 2023 | 1M Libor + 2,75%, 1M Libor + 2,50%, 1M Robor + 2,00%, 1W Libor + 2,50%, ON Libor + 2,50%, 1M Euribor + 2,75%, 1W Euribor + 2,50% | **115.937** | 99.554 |
| Синдикатталған қарыз (Citibank, N.A., London Branch, Mizuho Bank, Ltd., MUFG Bank Ltd., Société Générale, ING Bank, and ING Bank N.V.) | 200 миллион АҚШ доллары | 2021 | 3M Libor + 1,35% | **89.479** | 76.442 |
| Japan Bank for International Cooperation | 297,5 миллион АҚШ доллары | 2025 | 2,19% + CIRR, | **77.964** | 65.254 |
| «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ (Халық Банкі) | 150 миллион АҚШ доллары | 2024 | 5,25% | **50.604** | 52.771 |
| Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі (ЕҚҚДБ) | 68 миллиард теңге | 2023 | 3M CPI + 50 базистік тармақ + 3,15% | **40.125** | 42.940 |
| Халық Банкі | 100 миллион АҚШ доллары[1] | 2020 | 5,00% | **31.389** | 38.323 |
| ЕДҚБ | 39 миллиард теңге | 2026 | 6M CPI + 100 базистік тармақ + 3,15% | **27.755** | 24.573 |
| BNP Paribas | 368 миллион АҚШ доллары | 2020 | COF (1,43%) + 0,25% | **19.644** | – |
| «Сбербанк России» ААҚ | 50 миллион АҚШ доллары | 2020 | COF (2,23%) + 1,50% | **14.957** | 13.773 |
| Басқа | – | – | – | **42.029** | 12.773 |
| **Жиыны** | | | | **1.138.835** | 1.045.780 |

Орналастырылған облигациялардың баланстық құнының 2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдың ішінде ұлғаюы Лондонның Қор Биржасы (ЛҚБ) мен Ирландияның Қор Биржасында (ИҚБ) орналастырылған және 469.295 миллион теңге мөлшерінде АҚШ долларында деноминацияланған облигацияларға шетел валюталарының айырбастау бағамының ықпалымен байланысты болды.

2020 жылғы қаңтарда АМӨЗ ҚДБ-дан АҚШ долларында деноминацияланған қарызды қайта қаржыландыру үшін 6 жыл мерзімге жылдық 7,99% пайыздық мөлшерлемемен, мұнайды қайта өңдейтін жаңа объектілерді қаржыландыру үшін Эксимбанктен алынған 46.062 миллион теңге мөлшерінде теңгемен деноминацияланған ұзақ мерзімді қарыз алды.

2020 жылы АМӨЗ, сыйақыны қоса, Эксимбанктен 203 миллион АҚШ долларына (баламасы 77.076 миллион теңге) алған қарызды ішінара өтеді.

---

1 жаңартылатын несие желісі.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 19. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

**31 желтоқсанда аяқталған үш айда қаржылық қызметтің нәтижесінде туындайтын міндеттемелердегі өзгерістер**

| | 2020 жыл | | | | 2019 жыл | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Қысқа мерзімді қарыздар | Ұзақ мерзімді қарыздар | Облигациялар | Жиыны | Қысқа мерзімді қарыздар | Ұзақ мерзімді қарыздар | Облигациялар | Жиыны |
| **1 қаңтарға сальдо (аудит жүргізілген)** | **70.843** | **974.937** | **2.791.724** | **3.837.504** | 81.813 | 1.258.009 | 2.813.416 | 4.153.238 |
| Ақша қаражатымен алынды | **48.831** | **51.630** | **–** | **100.461** | 129.590 | 62.312 | 56.223 | 248.125 |
| Төленген сыйақы | **(1.419)** | **(22.722)** | **(8.614)** | **(32.755)** | (1.573) | (28.579) | (8.576) | (38.728) |
| Негізгі борышты төлеу | **(22.082)** | **(92.761)** | **(5.671)** | **(120.514)** | (111.570) | (173.758) | (20.071) | (305.399) |
| Пайыздар бойынша шығыстар *(12-ескертпе)* | **1.412** | **15.063** | **39.180** | **55.655** | 1.538 | 18.718 | 37.660 | 57.916 |
| Капиталға айналдырылған сыйақы *(14-ескертпе)* | **–** | **1.380** | **–** | **1.380** | – | 110 | – | 110 |
| Дисконт *(12-ескертпе)* | **–** | **(11.002)** | **–** | **(11.002)** | – | – | – | – |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | **10.375** | **15.473** | **414.579** | **440.427** | (328) | (1.127) | (26.971) | (28.426) |
| Бағамдық айырма | **5.004** | **93.199** | **62.457** | **160.660** | (1.866) | (11.561) | (2.658) | (16.085) |
| Басқасы | **–** | **674** | **69** | **743** | – | 347 | (11.536) | (11.189) |
| **31 наурызға сальдо (аудит жүргізілмеген)** | **112.964** | **1.025.871** | **3.293.724** | **4.432.559** | 97.604 | 1.124.471 | 2.837.487 | 4.059.562 |
| Ағымдағы бөлік | **112.964** | **143.759** | **81.848** | **338.571** | 97.604 | 149.000 | 101.622 | 348.226 |
| Ұзақ мерзімді бөлік | **–** | **882.112** | **3.211.876** | **4.093.988** | – | 975.471 | 2.735.865 | 3.711.336 |

**Ковенанттар**

Топ несие келісімдерінің талаптары бойынша қаржы және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Қаржы көрсеткіштерінің орындалмауы кредиторларға қарыздардың мерзімінен бұрын өтелуін талап ету құқығын береді. 2020 жылғы 31 наурыздағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай Топ қаржы және қаржылық емес көрсеткіштерді орындайды.

**Шетелдік функционалдық валютамен еншілес ұйымдарға таза инвестицияларды хеджирлеу**

2020 жылғы 31 наурызға АҚШ долларында көрсетілген кейбір қарыздар шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары ретінде айқындалды. Бұл қарыздар Топтың осы инвестициялар бойынша АҚШ долларындағы валюталық тәуекелге ұшырағыштығын хеджирлеу үшін қолданылады. 2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда 414.579 миллион теңге мөлшеріндегі залал (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда: 26.971 миллион теңге мөлшеріндегі кіріс) басқа да жиынтық кірістің құрамына қайта жіктеліп, шетелдік бөлімшелерді қайта есептеуден болған кіріске немесе залалға қарсы есепке алынды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 20. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер** | | |
| Қызметкерлердің алдындағы берешек | **53.185** | 51.613 |
| Қаржылық кепілдіктер | **6.276** | 5.866 |
| Дивидендтер бойынша берешек | **391** | 354 |
| Басқа | **33.380** | 35.306 |
| | **93.232** | 93.139 |
| **Басқа да ағымдағы қаржылық емес міндеттемелер** | | |
| Шарттық міндеттемелер | **103.386** | 184.362 |
| Қысқа мерзімді жалдау бойынша алдын ала төлем | **2.669** | 4.399 |
| Басқа | **13.809** | 21.116 |
| | **119.864** | 209.877 |
| **Басқа да ағымдағы міндеттемелердің жиыны** | **213.096** | 303.016 |

## 21. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

### Байланысты тараптармен операциялардың шарттары

Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Жыл соңына өтелмеген қалдықтар негізінен қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады, ал есеп айырысулар, төменде көрсетілген деректерді қоспағанда, қолма-қол ақшамен жасалады. Топ байланысты тараптардан болған берешек бойынша күтілетін несие залалдарының резервтерін мойындайды.

*Есеп айырысулар бойынша қалдықтар*

Келесі кестеде 2020 жылғы 31 наурыздағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысқан тараптармен жасалған мәмілелердің жалпы сомасы көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | **Жағдай бойынша** | **Байланысты тараптардың берешегі** | **Байланысты тараптардың берешегі** | **Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер** | **Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек** |
|---|---|---|---|---|---|
| Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | **344.968** | **1.751** | **–** | **54.199** |
| | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) | 327.597 | 6.168 | – | 52.843 |
| Қауымдасқан компаниялар | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | **46.586** | **2.284** | **–** | **–** |
| | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) | 56.331 | 3.814 | – | – |
| Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | **5.545** | **400** | **136.505** | **300.483** |
| | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) | 6.381 | 712 | 192.548 | 269.335 |
| Бірлескен кәсіпорындар | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | **497.716** | **295.234** | **–** | **–** |
| | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) | 519.351 | 217.027 | – | – |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 21. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)

**Байланысты тараптардың берешегі**

*Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар*

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар берешегінің ұлғаюы негізінен Самұрық-Қазынаға 14.441 миллион теңге сомасына қаржылық көмектің қосымша траншының берілуімен байланысты болды.

*Қауымдасқан компаниялар*

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қауымдасқан компаниялар берешегінің азаюы негізінен 12.862 миллион теңге сомаға «Қазақстандық вексель» бойынша пайыздардың төленуін алумен байланысты болды.

*Бірлескен кәсіпорындар*

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша бірлескен кәсіпорындар берешегінің азаюы негізінен ТШО шикі мұнай үшін төлеген авансстар сомасының азаюымен байланысты болды. Бірлескен кәсіпорын берешегінің ұлғаюы, негізінен ТШО алдында шикі мұнай мен сұйытылған газды сатып алу-сату шарты бойынша 28.247 миллион теңге сомасындағы кредиторлық берешектің, сондай-ақ газды тасымалдау үшін 26.001 миллион теңге сомасына Бейнеу-Шымкент газ құбырының ұлғаюымен байланысты болды.

**Байланысты тараптарда орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттер**

*Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар*

2020 жылы 31 наурыздағы жағдай бойынша байланысты тараптарда орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттердегі азаю, негізінен Компанияның 200 миллион АҚШ долларына (алу күніне баламасы 75.174 миллион теңге) депозитті алуымен байланысты болды.

**Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек**

*Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар*

Байланысты тараптардан алынған қарыздар бойынша ұлғаю, негізінен Топтың ҚДБ-дан 46.062 миллион теңге жалпы сомаға қосымша қарыз алуымен, сондай-ақ сыйақыны қоса алғанда, ҚДБ-ның қарызы бойынша 21.162 миллион теңге жалпы соманы ішінара өтегендігімен байланысты болды *(19-ескертпе)*.

**Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша төлемдер**

2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда Топ «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС-ке (ПКОП) 1.493 миллион теңге сомаға (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда: 2.143 миллион теңге) берілген қарыз, ҚМҚ-ға 3.000 миллион теңге сомаға (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда: 3.203 миллион теңге) берілген қарыз, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-не 2.163 миллион теңге сомаға (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда: нөл) берілген қарыз бойынша және 12.863 миллион теңге сомаға (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда: 12.155 миллион теңге) сомаға «Қазақстандық Вексель» бойынша пайыздардың өтелуінен төлемдер алды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 21. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)

**Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша төлемдер (жалғасы)**

*Операциялар бойынша айналымдар*

Келесі кестеде байланысты тараптармен 2020 және 2019 жылдардың 31 наурызында аяқталған үш айдың ішінде жасалған транзакциялар бойынша жалпы сомалар келтірілген:

| *Миллион теңгемен* | 31 наурызға | Байланысты тараптарға сату | Байланысты тараптардан сатып алу | Байланысты тараптардан сыйақы | Байланысты тараптарға сыйақы |
|---|---|---|---|---|---|
| Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар | **2020 жыл (аудит жүргізілмеген)** | **5.039** | **12.839** | **6.810** | **570** |
| | 2019 жыл (аудит жүргізілмеген) | 14.165 | 5.271 | 5.375 | 643 |
| Қауымдасқан компаниялар | **2020 жыл (аудит жүргізілмеген)** | **11.241** | **8.799** | **1.248** | **–** |
| | 2019 жыл (аудит жүргізілмеген) | 1.764 | 4.114 | 2.789 | – |
| Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар | **2020 жыл (аудит жүргізілмеген)** | **27.861** | **14.383** | **11.665** | **6.689** |
| | 2019 жыл (аудит жүргізілмеген) | 5.490 | 600 | – | 7.809 |
| Бірлескен кәсіпорындар | **2020 жыл (аудит жүргізілмеген)** | **110.525** | **342.312** | **7.957** | **119** |
| | 2019 жыл (аудит жүргізілмеген) | 75.235 | 418.502 | 8.836 | 143 |

**Байланысты тараптардан сатып алу**

*Бірлескен кәсіпорындар*

2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда бірлескен кәсіпорындардан сатып алудың азаюы негізінен ТШО-дан сатып алынатын шикі мұнай көлемінің азаюымен және 2020 жылғы наурызда шикі мұнайға бағалардың төмендеуімен байланысты болды.

**Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы**

Қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есептегі жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған жалпы сыйақы сомасы (Директорлар кеңесі мен Топ компанияларының Басқармасы) тиісінше 2020 және 2019 жылдардың 31 наурызында аяқталған үш ай үшін 1.822 миллион теңгені және 1.448 миллион теңгені құрайды. Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақы операциялық нәтижелерге негізделген келісімшарттар мен сыйақыларда белгіленген жалақы төлеу жөніндегі шығыстардан тұрады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 22. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

### Қаржы құралдары мен инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны

2020 жылғы 31 наурыздағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдары мен инвестициялық жылжымайтын мүлігінің баланстық құны, төменде ашылып көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, шамамен олардың әділ құнына тең болды:

| | 2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген) | | | | | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны | | | | | Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны | | |
| *Миллион теңгемен* | Ағымдағы құн | Әділ құны | 1-деңгей | 2-деңгей | 3-деңгей | Ағымдағы құн | Әділ құн | 1-деңгей | 2-деңгей | 3-деңгей |
| Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар | 16.065 | 13.827 | – | 13.827 | – | 16.241 | 18.835 | – | 18.835 | – |
| Байланысты тараптарға амортизацияланған құны бойынша берілген қарыздар және бірлескен кәсіпорындардан алынуға жататын жалдау | 547.160 | 515.345 | – | 309.231 | 206.114 | 510.002 | 506.868 | – | 304.422 | 202.446 |
| Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар | 3.747.333 | 3.752.358 | 3.247.023 | 505.335 | – | 3.146.477 | 3.576.082 | 3.172.400 | 403.682 | – |
| Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар | 685.226 | 704.751 | – | 704.751 | – | 691.027 | 714.271 | – | 714.271 | – |
| Қаржылық кепілдіктер | 20.253 | 24.804 | – | – | 24.804 | 20.189 | 20.189 | – | – | 20.189 |

Самұрық-Қазынадан алынуға жататын облигациялардың әділ құны және басқа да борыштық құралдар нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілетін барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;
- 2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-ші деңгей мен 2-ші деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ әділ құнды бағалау бойынша 3-ші деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына санаттар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. 2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдың ішінде Топты бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 22. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Қаржы құралдары мен инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны**

Төменде әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

| | Үлестік бағалау әдісі | Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер | Диапазоны |
|---|---|---|---|
| Байланысты тараптарға амортизацияланған құны бойынша берілген қарыздар және бірлескен кәсіпорындардан алынуға жататын жалдау | ДДП әдісі | Дисконттау мөлшерлемесі | **2020 жылғы 31 наурыз: 4,2%-6,5%**<br>2019 жылғы 31 желтоқсан: 4,5%-9,1% |
| Қаржылық кепілдіктер | ДДП әдісі | Дисконттау мөлшерлемесі | **2020 жылғы 31 наурыз: 4,8%**<br>2019 жылғы 31 желтоқсан: 4,1% |

## 23. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылып көрсетілген шарттық және шартты міндеттемелерге қосымша 2020 жылдың 31 наурызында аяқталған үш айдың ішінде мынадай өзгерістер болды:

**Өтелетін шығындарды тексеру**

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Топтың дауланатын шығындардағы үлесі 475.091 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 402.474 миллион теңге) болды. АҚШ долларында білдірілген дауланатын шығындар және сомалардағы өзгерістер теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының өсуімен байланысты.

**Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері**

2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда өз міндеттемелеріне сәйкес Топ, бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, 1.794.204 тонна мұнайды (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда: 1.459.691 тонна) ішкі нарыққа жеткізді.

**Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісім-шарттар бойынша міндеттемелер**

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Топтың Үкіметпен жасалған өнімді бөлу туралы лицензиялары, келісімдерінің және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыстар бағдарламасын орындауға қатысты төмендегідей міндеттемелері болды:

| *Миллион теңгемен* | Күрделі шығыстар | Операциялық шығыстар |
|---|---|---|
| **Жылы** | | |
| 2020 | 146.070 | 36.485 |
| 2021 | 89.614 | 5.234 |
| 2022 | 93.209 | 4.980 |
| 2023 | 1.934 | 4.701 |
| 2024-2048 | 6.293 | 37.585 |
| **Жиыны** | **337.120** | **88.985** |

**Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері**

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Топтың, бірлескен кәсіпорынның міндеттемелерін қоса, мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелері 14 миллион тонна болды (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 12,8 миллион тонна).

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 23. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Басқа да келісімшарттық міндеттемелер**

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Топтың, бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, жалпы сомасы 440.142 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 335.609 миллион теңге) болатын негізгі құралдарды сатып алу және салу бойынша шарттық міндеттемелері болды. Ұлғаю негізінен «Қазтрансгаз» АҚ (КТГ), еншілес компанияның 56.000 миллион теңге сомаға «Қашаған» газды кешенді дайындау қондырғысынан «Мақат Солтүстік Қауказ» магистральды газ құбырына дейін магистральды газ құбырын салу шартын жасауымен байланысты болды.

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Топтың Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті бекіткен және өндірістік объектілерді жылжытуға бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 76.386 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 78.677 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

## 24. СЕГМЕНТТІ ЕСЕПТІЛІК

Топтың операциялық сегменттерінің өндірілетін өнімнің және көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін жеке құрылымы және басқаруы бар, бұл ретте барлық сегменттер өнімнің әр түрлерін ұсынатын және түрлі нарықтарға қызмет көрсететін бизнестің стратегиялық бағытын білдіреді. Функциялар а) содан кірістер мен шығыстар болатын қызметті жүзеге асыратын; б) операциялық нәтижелерін ресурстардың бөлінуіне қатысты операциялық шешімдер қабылдайтын Топ басқармасы сегментке және оның қызметінің нәтижелерін бағалауға сараланып отыратын сегменттер ретінде айқындалады.

Топ қызметі негізгі төрт операциялық сегментті қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнайды тасымалдау, газды өткізу және тасымалдау, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу. Топ ҚазМұнайГаз қызметін бөліп көрсетуде, өйткені ҚазМұнайГаз тек бас компанияның функцияларын ғана орындап қана қоймай, сондай-ақ операциялық қызметті де жүзеге асырады. Қалған операциялық сегменттер біріктіріліп, олардың елеусіз болуына орай басқалары ретінде көрсетілген.

Тауарлар мен қызметтер түрлері бойынша түсімді бөлу амалы осы қаржылық есептіліктің *4-ескертпеде* көрсетілген.

2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда, *«Шикі мұнайды, газды және газды қайта өңдеу өнімдерін өткізу»* бойынша түсім негізінен келесі операциялық сегменттер жүзеге асыратын сатуды білдіреді: 280.548 миллион теңге сомада (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда: 249.838 миллион теңге) *«Газды өткізу және тасымалдау»*, сондай-ақ 520.885 миллион теңге сомада (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда: 821.477 миллион теңге) *«Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу»*.

2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда, *«Мұнай өнімдерін өткізу»* бойынша түсім негізінен келесі операциялық сегменттермен жүзеге асырылады: 277.899 миллион теңге сомада (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда: 463.298 миллион теңге) *«Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу»*, 1.093 миллион теңге сомада (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда: 1.031 миллион теңге) *«Мұнай мен газды барлау және өндіру»* және 99.176 миллион теңге сомада (2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда: 40.764 миллион теңге) *«Корпоративтік орталық»*.

Сегмент қызметінің нәтижелері түсімнің, таза пайда мен EBITDA-ның негізінде бағаланады, олар шоғырландырылған қаржылық есептіліктегідей дәл сондай негізде өлшенеді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 24. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

EBITDA көрсеткіші басшылық сегменттердің тиімділігін бағалау үшін пайдаланатын, ХҚЕС-пен реттелмейтін қосымша қаржылық көрсеткіш болып табылады және тозуды, таусылуды және амортизацияны, қаржылық кірістер мен шығыстарды және табыс салығы бойынша шығыстарды есептен шығарғанға дейінгі пайда ретінде айқындалады.

EBITDA жалпы EBITDA-ға қатысты белгілі бір сегменттің EBITDA-сы ретінде айқындалады.

Элиминирлеу топішілік айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген талаптарда жасалды, әрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде болмауы да тиіс.

### Географиялық ақпарат

Топтың негізгі құралдары келесі елдерде орналасқан:

| *Миллион теңгемен* | **2020 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Қазақстан | **3.859.282** | 3.751.128 |
| Басқа елдер | **858.203** | 733.143 |
| | **4.717.485** | 4.484.271 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 24. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

### Географиялық ақпарат (жалғасы)

Төмендегі кестеде пайда мен зияндар туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың 2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша, сондай-ақ аяқталған үш айдағы операциялық сегменттері бойынша активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Мұнай мен газды барлау және өндіру | Мұнайды тасымалдау | Газды өткізу және тасымалдау | Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу әрі өткізу | Корпоративтік орталық | Басқасы | Элиминирлеу | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыртқы клиенттерге сатудан түсім | 291 | 54.900 | 326.095 | 868.962 | 99.871 | 25.995 | – | 1.376.114 |
| Басқа сегменттерге сатудан түсім | 248.121 | 30.146 | 399 | 101.019 | 14.135 | 18.265 | (412.085) | – |
| **Түсім жиыны** | 248.412 | 85.046 | 326.494 | 969.981 | 114.006 | 44.260 | (412.085) | 1.376.114 |
| Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны | (8.106) | (3.123) | (144.196) | (835.838) | (56.548) | (5.995) | 312.422 | (741.384) |
| Өндірістік шығыстар | (82.481) | (30.001) | (20.982) | (54.802) | (37.301) | (33.677) | 84.848 | (174.396) |
| Табыс салығынан басқа салықтар | (72.397) | (3.462) | (4.189) | (3.276) | (9.125) | (1.844) | – | (94.293) |
| Тасымалдау және сату бойынша шығыстар | (32.650) | (5.594) | (85.666) | (14.230) | (2.078) | (5) | 21.574 | (118.649) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (9.314) | (2.881) | (4.545) | (9.313) | (6.817) | (7.493) | 2.666 | (37.697) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто | 76.657 | 17.251 | (18.453) | (10.003) | – | (136) | – | 65.316 |
| **EBITDA** | 120.121 | 57.236 | 48.463 | 42.519 | 2.137 | (4.890) | 9.425 | 275.011 |
| **EBITDA, %** | 44% | 21% | 18% | 15% | 1% | (2%) | 3% | |
| Тозу, тауысылу және амортизация | (33.330) | (9.896) | (10.659) | (34.901) | (755) | (2.217) | – | (91.758) |
| Қаржылық кіріс | 27.456 | 893 | 4.601 | 13.342 | 26.955 | 2.891 | (39.123) | 37.015 |
| Қаржылық шығындар | (4.133) | (1.823) | (7.604) | (23.835) | (61.722) | (3.697) | 35.740 | (67.074) |
| Негізгі құралдар мен барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы | (61.040) | (61) | – | 8 | (46) | – | – | (61.139) |
| Бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестицияның құнсыздануы | (38.000) | – | – | – | – | – | – | (38.000) |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | (14.138) | (7.606) | (9.214) | 16.144 | (3.035) | (724) | – | (18.573) |
| **Кезеңдегі таза пайда** | 31.573 | 46.045 | 21.681 | (86.906) | 68.181 | (15.116) | 4.056 | 69.514 |
| ***Басқа да сегментті ақпарат*** | | | | | | | | |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 5.607.254 | 465.361 | 344.751 | 31.162 | – | 20.588 | – | 6.469.116 |
| Күрделі шығындар | 41.300 | 6.819 | 68.833 | 21.304 | 987 | 4.023 | – | 143.266 |
| Ескірген ТМҚ, дебиторлық берешек пен басқа да активтер бойынша күтілетін несие залалдарының резервтері | (3.448) | (5.883) | (10.089) | (58.361) | (25.261) | (9.660) | – | (112.702) |
| **Сегмент активтері** | 8.598.192 | 1.175.935 | 2.321.846 | 2.834.689 | 1.575.792 | 296.561 | (1.426.483) | 15.376.532 |
| **Сегмент міндеттемелері** | 810.566 | 209.324 | 1.058.364 | 1.709.846 | 3.980.608 | 148.621 | (1.437.157) | 6.480.172 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 24. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

### Географиялық ақпарат (жалғасы)

Төмендегі кестеде пайда мен зияндар туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сондай-ақ 2019 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай айдағы операциялық сегменттері бойынша активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Мұнай мен газды барлау және өндіру | Мұнайды тасымалдау | Газды өткізу және тасымалдау | Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу әрі өткізу | Корпоративтік орталық | Басқасы | Элиминирлеу | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыртқы клиенттерге сатудан түсім | 25.532 | 56.619 | 287.251 | 1.350.462 | 40.764 | 4.643 | – | 1.765.271 |
| Басқа сегменттерге сатудан түсім | 325.097 | 32.639 | 384 | 148.924 | 49.914 | 3.821 | (560.779) | – |
| **Түсім жиыны** | 350.629 | 89.258 | 287.635 | 1.499.386 | 90.678 | 8.464 | (560.779) | 1.765.271 |
| Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны | (14.068) | (2.548) | (131.978) | (1.359.292) | (46.475) | (250) | 487.798 | (1.066.813) |
| Өндірістік шығыстар | (93.449) | (37.988) | (17.205) | (41.642) | (24.583) | (3.861) | 55.829 | (162.899) |
| Табыс салығынан басқа салықтар | (101.749) | (3.107) | (4.036) | (2.849) | (6.513) | (423) | – | (118.677) |
| Тасымалдау және сату бойынша шығыстар | (31.414) | (478) | (81.402) | (19.544) | (1.799) | – | 19.082 | (115.555) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (7.904) | (2.736) | (4.604) | (7.706) | (7.081) | (3.183) | 1.117 | (32.097) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто | 146.686 | 17.959 | 55.739 | (2.341) | – | 979 | – | 219.022 |
| **EBITDA** | 248.731 | 60.360 | 104.149 | 66.012 | 4.227 | 1.726 | 3.047 | 488.252 |
| **EBITDA, %** | 51% | 12% | 21% | 14% | 1% | – | 1% | |
| Тозу, тауысылу және амортизация | (24.783) | (10.349) | (10.002) | (35.731) | (574) | (1.930) | – | (83.369) |
| Қаржылық кіріс | 17.681 | 1.912 | 4.597 | 13.573 | 111.465 | 83 | (119.705) | 29.606 |
| Қаржылық шығындар | (6.064) | (1.976) | (12.750) | (37.487) | (59.511) | (2.592) | 34.987 | (85.393) |
| Негізгі құралдардың, бағалау бойынша активтердің құнсыздануы | 19 | – | (110) | 19 | (292) | (4) | – | (368) |
| Бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестицияның құнсыздануы | – | – | – | – | – | – | – | – |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | (34.008) | (5.853) | (7.709) | (8.822) | (3.142) | (147) | – | (59.681) |
| **Кезеңдегі таза пайда** | 195.911 | 43.635 | 77.215 | 60.775 | 16.021 | (2.424) | (81.933) | 309.200 |
| ***Басқа да сегментті ақпарат*** | | | | | | | | |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 4.788.390 | 384.097 | 350.732 | 40.304 | – | 26.861 | – | 5.590.384 |
| Күрделі шығындар | 37.902 | 5.122 | 22.829 | 5.126 | 1.756 | 478 | – | 73.213 |
| Ескірген ТМҚ, дебиторлық берешек пен басқа да активтер бойынша күтілетін несие залалдарының резервтері | (3.146) | (5.173) | (9.991) | (46.020) | (22.297) | (9.903) | – | (96.530) |
| **Сегмент активтері** | 7.504.594 | 1.079.970 | 2.195.386 | 2.854.018 | 1.480.009 | 454.084 | (1.486.146) | 14.081.915 |
| **Сегмент міндеттемелері** | 748.226 | 204.540 | 956.917 | 1.771.290 | 3.453.634 | 117.899 | (1.367.247) | 5.885.259 |

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 25. КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2020 жылғы сәуірде Компания Самұрық-Қазынаға 9.955 миллион теңге мөлшерінде қаржылай көмек бойынша қосымша транш ұсынды және тиісті дисконт 2.377 миллион теңге сомаға капитал құрамында танылды.

2020 жылғы сәуірде бірлескен кәсіпорын болып табылатын ПКОП, сыйақыны қоса алғанда, 13.993 миллион теңге мөлшерінде қарыз бойынша ішінара өтеуді жасады.

2020 жылғы сәуірде Компания 171.603 мың АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күнгі баламасы 73.746 миллион теңге) еурооблигациялар бойынша купондық сыйақыны төледі.

2020 жылғы сәуірде Компания 43.380 миллион АҚШ доллары сомасына (төлем жасау күнгі баламасы 18.628 миллион теңге) кепілдік берілген облигацияларды ішінара сатып алды.

2020 жылғы сәуірде АМӨЗ Халық Банкінен 21,4 миллион АҚШ доллары сомасында (өтеу күніне баламасы 9.220 миллион теңге), сыйақыны қоса алғанда, алынған қарыз бойынша негізгі борыш пен сыйақыны ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

2020 жылғы мамырда Компания Самұрық-Қазына мен ҚР Ұлттық Банкінің шешіміне сәйкес 81.738 миллион теңге жалпы сомаға бір акцияға 133,97 теңге мөлшерінде 2019 жыл үшін дивидендтерді жария етті (Самұрық-Қазынаға 73.911 миллион теңге және ҚР Ұлттық банкіне 7.827 миллион теңге).

2020 жылғы мамырда Компания ҚР Ұлттық Банкінде 2020 жылғы 30 шілдеге дейін нарықтық талаптарда 100 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (орналастыру күні баламасы 42.373 миллион теңге) қысқа мерзімді депозитті қосымша орналастырды.